

SAIGA NEWS

Ақбөкенді сақтау Альянсының бюллетені



Ақбөкеннің экологиясы мен қорғау мәселелері жөнінде мәліметтер алмасу үшін 6 тілде шығады



Ақбөкен текесі қыстағы бейнесінде. Сурет Евгения Полонскийдікі

Қолдауымен жарияланады:



Мазмұны

Арнаулы тақырып

Милнер-Гулланд Э. Дж. Ақбөкенді (*Saiga tatarica*) CITES-дің екінші қосымшасынан оның бірінші қосымшасына көшіру туралы ұсынысты ойлану

Жаңалықтар

Межнев А.П. Сақбөкен – СИТЕС далаларында

Цутер Ш. 2018 ж. Қазақстанда ақбөкендерге жүргізілген авиасанақтың нәтижелері

Есқазыұлы Р. Үстірт ақбөкенін сақтаудағы жаңа тәсіл

Чимеддорж Б. және басқалар. Моңғолияда ақбөкенді жасырын аулау

Калмыкова Г.А. Келімсек

Самтанова Е.А. Қырымдағы жас экологтардың слеті

Гайдукова Т. А. «Возрождение» – алға!

Филиппова А.В., Лешина Е.В. Астрахань облысында ақбөкенді сақтау жөнінде білім беретін семинар өтті

Инжиева Г.Д. «Ақбөкен құралай ізімен» экологиялық макеті қимылда

Баспасөздерден

Моңғол ақбөкенін суық қыс күтіп тұр

Моңғол ақбөкендері үшін пластик қауіп тудырады

Украинада қытай бизнесмендері ақбөкен өсірудің жаңа питомнигін ұйымдастырды

Мақалалар

Родникова А.Ю. және басқалар. Солтүстік-Батыс Прикаспийде ақбөкен динамикасының индивидуум-ориентированный моделі

Гилёв А. Н., Каренина К. А. 2018 жылдың күзінде Астрахань облысының «Степной» қорықшасындағы артезиан суларының маңында ақбөкендер группасының жыныстық-жастық құрамы

Быкова Е.А., Есипов А.В. Возрождения аралындағы ақбөкендер тарихы

Милнер-Гулланд Э. Дж. Менің ұлы істеріме қараңдаршы, барлық уақытта, барлық елдер мен барлық теңіздердің билеушілері: Арал теңізі - оптимизм үшін қандай себеп табуға болады?

Миноранский В.А. Ақбөкенді қолда өсіру жағдайында «Даланың тірі табиғаты» ассоциациясының тәжірибесі

Жаңа басылымдар

Ақбөкенді сақтау – олардың өмірлік ісі: Ерлан Нургалиев, Қазақстан

Біздің жоғалтқандарымыз: Анатолий Хлуднев

Редакция алқасы: **Ұлыбритания:** проф. Э.Дж. Милнер-Гулланд [редактор-консультант], Империял Колледж Лондон (e.j.milner-gulland@zoo.ox.ac.uk). **Қазақстан:** Ю. Грачев және проф. А. Бекенов, Институт зоологии (teriology@mail.ru). **Қытай:** Гуйхон Джан Куйлонгский білім тренинг центрі (guihongzhang@foxmail.com) және проф. Чжиган Цзян, Институт зоологии АН КНР (zhigangjiang@vip.sina.com). **Моңғолия:** Б. Лхагвасурен, Институт жалпы және эксперименталды биологии МАН (lkhagvazeer@gmail.com) және Б. Чимеддорж, WWF-Моңғолия (chimeddorj@wwf.mn). **Россия:** А. Луцкекина, Институт проблем экологии және эволюция РАН (saigak@hotmail.com) және проф. Ю. Арылов, Жабайы жануарлар Орталығы Қалмакия Республикасы (saiga-center@mail.ru). **Өзбекстан:** Е. Быкова [Жауапты редактор] (ebykova67@mail.ru) және А. Есипов, Институт зоологии АН РУз (esipov411@gmail.com). Дизайн Д. Адылованықы (4dinaa@gmail.com).

Бұл басылымды онлайннан алуға болады www.saiga-conservation.com, <http://saigak.biodiversity.ru/publications.html> немесе басылып шыққан экзemplярдды, сұрау бойынша, ағылшын, қазақ, қытай, моңғол және орыс, өзбек тілдерінен редакторлардан алуға болады.

Кезкелген алты тілдердің біріне Сізге материал жіберуге шақырымыз. Оларды мына адреске жіберуге болады: ebykova67@mail.ru немесе редакторлардың біріне. Бюллетень жылына екі рет шығады. Ағылшын және орыс тілдеріндегі авторлар үшін ережені табуға болады: www.saiga-conservation.com немесе сұраныш бойынша редакторлардан аласыздар. Егерде Сіздерде сұрақтар туса, өз еліңдегі Saiga News редакторымен байланысыңыз немесе жауапты редактормен – Елена Быковамен (ebykova67@mail.ru).

Арнаулы тақырып

Ақбөкенді (*Saiga tatarica*) СИТЕС-дің екінші қосымшасынан оның бірінші қосымшасына көшіру туралы ұсынысты ойлану

Милнер-Гулланд Э. Дж. Ақбөкенді сақтау Альянсы ej.milner-gulland@zoo.ox.ac.uk

Бұл мақала автордың өзінің ғана жеке пікірі, ақбөкенді сақтау Альянсының арнаулы позициясы емес. Оның мақсаты – оқырмандарға СИТЕС процедурасын түсінуге көмектесу және ақбөкенді сақтау үшін конвенцияның маңызын да түсіндіру.

СИТЕС процедурасымен қысқаша таныстыру

СИТЕС жақтаушылардың Конференциясы (Conference of the Parties – CoP) – шешімдер қабылдайтын ұйым, оның құрамына жақтаушы – мемлекеттер өкілдері енеді, СИТЕС-ге біріккен, биологиялық және саудалық көрсеткіштер жиынтығын пайдаланып, әрбір биологиялық түрдің қойылған шарттарға сәйкес келеме немесе келмейме соны анықтайды; соның негіздерінде СИТЕС әрбір түрді критериясына сәйкес I-ші Қосымшаға немесе II-ші Қосымшаға кіргізеді. Әрбір жақтаушының алдында (мысалы, мемлекеттер Үкіметі) жоғарыда келтірілген критериялар негізінде Қосымшаларға енгізілетін өздерінің ұсыныстарын айтады. Бұл ұсыныстар Жақтаушылар Конференциясында талқыланады және не бірауыздан қабылданады немесе дауысқа салынады.

I-ші Қосымшаға жойылып кету қаупі бар түрлер енеді, олармен саудаға тек ерекше жағдайда ғана рұқсат етіледі, бірақ басты мақсат – коммерциялық олжа болып табылмайды. II-ші Қосымшаға тікелей жойылып кету қаупінде емес, бірақ олармен сауда жүргізуді бақылайтын түрлер енеді. Тек түрлердің өмір сүруіне қиын жағдайға дейін жеткізбеу қажет.

Қосымшаларға түзетулер енгізу ұсыныстары СИТЕС жақтаушылары болып табылатын елдердің Үкіметтерінен ғана қабылданады, сондай-ақ егерде бірнеше жақтаушылар бірмезгілде гаранттар болып табылса. Мұнда ұсыныс СИТЕС, Жақтаушыларынан қолдау алулары керек, тек бұл ұсыныстың оппоненті ретінде ареалдағы елдердің ең кемінде бірінің қатысуы қажет.

Ұсынысты сипаттау

2018 ж. Желтоқсан айында Моңғолия мен АҚШ ұсыныс жасады (https://cites.org/sites/default/files/eng/cop/18/prop/020119_d/E-CoP18-

[Prop_draft-Saiga-tatarica.pdf](#)) *Saiga tatarica* II-ші Қосымшадан I-ші Қосымшаға көшіру туралы СИТЕС жақтаушыларының 18-ші Конференциясында (CoP18), ол 2019 ж 23 мамырдан 3 маусымға дейін өтеді. Халықаралық табиғат қорғау қоғамы (МСОП) және ақбөкенді сақтау Альянсы соңғы генетикалық мәліметтер негізінде былай деп есептейді, моңғол ақбөкені – подвидом *S. tatarica* (*S.t. mongolica*). СИТЕС оны жеке түр есебінде жіктейді, *Saiga borealis*. Сонымен, ұсыныс, деседе, әзірге моңғол ақбөкенін қамтымайды.

Әнгіме екі түртармақтары (подвиды) сөз болғанды СИТЕС бен Жабайы жануарлардың қоныс аударатын түрлерін сақтау Конвенциясы (КМВ) кең термин *Saiga spp.*, қолданылады.

Қазіргі кезде ақбөкеннің статусы қандай?

Saiga spp. СИТЕС Қосымшасында 1995 жылдан бар. Қазіргі кезде ареалдағы барлық елдер ақбөкен өнімдерімен сауда жүргізуге еріктерімен матория жариялады және ақбөкенге аңшылық жасатуды қатаң бақылау мен ішкі өнімдерімен сауда жасауды қатаң жазалау жөнінде қатаң заң қабылдады. Сондықтанда олар экспортқа рұқсат бермейді, сол арқылы СИТЕС бақылауымен жасырын сауда жасау мүмкін болмайды. Бұл оқиға бірнеше жылдан бері жалғасып келді (әртүрлі елдерде әртүрлі уақыттарда).

Мұндай оқиғалар болды, ақбөкен мүйіздерінің партиясын (кейде едәуір ірі) шекарадан өткізбек болған кезде ұстаған, немесе браконьерлерден конфискиленген ареалды елдердің бірінде (мысалы Saiga News, № 21 табуға болады). Бір ерекше ірі партия, құрамында 5 тоннадан артық ақбөкендер мүйізі бар, қытай шекарашылары 2015 ж. 30-шы қазан айында ұстаған болатын. Анық, жасырын халықаралық сауда жүріп жатыр.

2015 ж. КМВ-тың өзертүсінісу Меморандумы-

Арнаулы тақырып (кеңейтім)

ның Жақтаушылары кездескен кезде Сингапур мен Қытай өкілдері мүйіздердің үлкен қоры туралы мәліметтер берді. Мысалы, Сингапурда Қытайдың халықтық медицинасының әртүрлі көтерме және жеке дизерлерінде 20 тоннаға дейін мүйіздер сақталуда, конвенцияға қол қойғанға дейін алынған (1995 жылға дейін). Бұл мәліметтер СИТЕС-тің Сингапурдің әкімшілік органында тіркелген, жиі тексеріп тұрады, және шет елдерге сатылған товарларда есепке алынады, олардың қорын есептейді, оларды жүзге осырған дилерден. Қытай өкілінің мәлімдеуінше, елде мүйіздердің қоры бар олар жеке мен шіктер иелігінде заң бойынша мұндай қорды тіркеу міндетті емес, және соған баланысты оның көлемі белгісіз. Сингапурда ақбөкендер мүйіздері өнімдеріне сұраныс жоғары (*Theng et al. – қара төменде*). Осыған байланысты сауда әртүрлі әдістермен жүзеге асырылады, интернет арқылы да (*қара Дж. Лам – Saiga News, № 23*).

Ақбөкен жөніндегі СИТЕС-дің соңғы шешімдері Жақтаушылардың 17-шы конференциясында қабылданған (CoP17) 2016 жылы (<https://www.cites.org/eng/dec/valid17/81889>). Бұл шешімдерге байланысты, елдерге бірігіп жұмыс істеу қажет, ақбөкен жөніндегі КМВ-нің өзара түсінісу Меморандумының шарттарын орындауды қамтамасыз ету үшін. Сондай-ақ ақбөкен мүйіздері өнімдері қорына сапалы бақылау жүргізуді қамтамасыз ету тапсырылды. Жасырын саудамен күресуді күшей-



Ақбөкеннің аналығы қоректенуде. Сурет Евгений Полонскийдікі

ту қажет және сұранышты азайту бағытында да жұмыс істеу керек.

2018 ж. Қазан айының 1-інен 5-іне дейін СИТЕС-дің тұрақты комитетінің кездесуі өтті, онда ақбөкен жөніндегі CoP17 шешімдерінің орындалу тиімділігі талқыланды (*қара обзор А. Межнева төменде*). Көптеген ареал елдері – ақбөкен өнімдерін тұтынушылар бұл шешімдердің орындалу барысы туралы есептер берді; соның нәтижесінде төмендегідей негізгі қорытындыларға келді:

- бүгінгі күндері тек ақбөкен өнімдерінің тым аздалған бөлігі ғана ашық түрде халықаралық рынокта сатылады, бұл жағдайда ашық сауда азия елдерінде ғана өтеді, олар ақбөкен ареал елдеріне кірмейді (елдер – тұтынушылар);
- өте қажет, Жақтаушылар, біреуі қалмай, айтылған шараларды қолдауды жалғастыру керек, олар КМВ өзара түсінісу Меморандумының шарттарына сәйкес жүзеге асады;
- СИТЕС-дің секретариаты өзара түсінісу туралы Меморандумы Жақтастарын қолдауды жалғастыру қажет, үнемі ақбөкен өнімдері рыногындағы оқиға туралы мәліметтер беріп тұруы керек.

Saiga spp. критерияға сәйкес келе ме, оны I-ші Қосымшаға көшіруге қажет?

I-ші Қосымшаға енгізудің басты критериясы-да мүмкін немесе қолданып отырған сауданың негативті әсері бұл түрге. *Saiga tatarica* анық сауда объектісі болып табылады. Ақбөкен өнімдеріне ареалдағы елдерде ашық, оған қарамастан тұтынушы – елдер өзара ашық сауда жүргізуді жалғастыруда. 2015-2016 жж. Қытай, Гонконг және Жапония мүйіздерді экспортқа шығарды және осы кезеңде Қытай халық медицинасының препараттары Жапония және Сингапурға жіберілді. 2016 ж. (соңғы мәліметтер) Қытайдан Жапонияға 330 кг қытай халық медицинасының препараттары әкелінді, ал Сингапурға 11 кг мүйіздер мен 150 кг медициналық препараттар жіберілген. Браконьерліктер туралы және товарларды ареалдағы елдер тұтынушы елдер арасындағы кедендік посттар бірге елдер ішінде көптеген мәліметтер соның айғағы, сондай-ақ бұл оқиғалар жасырын сауда жүргізілуінің де дәлелі.

Арнаулы тақырып (кеңейтім)

Күмән бар, *Saiga spp* жалпы және *Saiga tatarica* (СИТЕС-дің анықтауы бойынша түр), жекелеп алғанда, биологиялық критерияларға сәйкес келеді оларды I-ші Қосымшаға енгізу үшін I-ші Қосымшаға (Дополнение) сәйкес, параграфом С – «табиғатта популяция саны айтарлықтай қысқарған, ол қазірде әлі де қысқаруды жалғастыруда немесе өткен уақытта ол орын алған (бірақ онда популяция қалпына келуі мүмкін)». Дүние жүзілік популяция *Saiga spp.* Қазіргі уақытта қысқармайды; сондай-ақ МСОП-тың соңғы бағалауынша (ақпан 2018 ж., <https://www.iucnredlist.org/species/19832/50194357>), оның жағдайы едәуір жақсара түсті, енді оны көшіру туралы *Saiga spp.* «критикалық жойылу» тізімінен (Critically Endangered) шығарып, «қауіпі бар» тізімге (Endangered) түрлердің енгізіледі; «бес жыл ережесіне» сәйкес, статустың ауысуы 2020 ж., болады, егерде популяцияның күйі нашарламаса. Оған қарамастан, мүмкіндік бар, популяция саны қысқарады, егерде қауіптер браконьерлік, инфрақұрылымдар ұйымдастыру немесе аурулар) күшейсе.

Моңғол ақбөкені популяциясы қазіргі кезде біраз қиын жағдайда қалып отыр, басқа популяцияларға қарағанда: көптеген жануарлар жақында аурудың тууынан қаза болды, сондай-ақ жануарлар үй жануарлары жағынан күшті қысымға ұшырауда, өйткені олар жайылым жөніндегі конкуренттері ғой ақбөкендердің, және жиі олар қыста болатын қатаң суықтанда өлім-жітімге ұшырайды (*қара жаңалықтар Saiga News-тың осы номерінде*). Моңғол популяциясы соңғы 2 жылда едәуір қысқарды. Яғни, моңғол ақбөкені де I-ші Қосымшаға ауысуға үміткер болуы мүмкін А және В критерияларына сәйкес (шағын популяция/мекендейтін ареал; саны азайып барады, сыртқы факторларына бейімделуі осал, бір / бірнеше территориясы / популяциясы бар).

Ерекше атап өтуге болады, (түрдің категориясын өсіруге болмайды, тек ол бұл категорияның критерияларын қанағаттанады деп есепке алып. Менің пікірімше, қатаң тізімге көшіру туралы ұсыныс тек мынадай жағдайда болуға тиіс, егерде бұл жағымды эффект берсе бұл түрді қорғау үшін.

Ақбөкеннің арнаулы статусы қалай өзгереді, егер ол I-ші Қосымшаға көшірілсе?

Тірі жануарлармен немесе олардың өнімдерімен халықаралық сауда жасауға тиым салынады, егерде бұл сауданың негізгі мақсаты коммерциялық пайда алуды көздеген болса. Ішкі саудаға бұл ешқандай әсер етпейді.

Тірі жануарлармен сауда – коммерциялық пайда алу мақсатымен рұқсат етіледі мына жағдайда, егерде Жақтаушылардың конференциясының шешіміне сәйкес 12.10. Онымен айналысатын ұйым секретариатында тіркеуден өтуі керек. Қазіргі жағдайда СИТЕС-де регистрациядан өткен бірде-бір ұйым жоқ, ақбөкенді қолда өсіруге үміті бар.

Спорттық жолмен ауланған трофеевтерді (олжаларды әкелу мен әкетуге бұрынғыдай рұқсат беріледі, егерде оларда аңшылық – жасауға рұқсаттары болса (ақбөкендерге, бірақ бұған қатысы жоқ).

Ақбөкен мүшелері мен ақбөкен өнімдеріне халықаралық саудаға тиым салынады, егерде негізгі мақсаты бұл сауданың коммерциялық пайда алуды көздеген болса. Бұл медициналық препараттармен және мүйіздермен сауда жасауға әсер етеді, ол қазіргі кезде тұтынушы – елдер арасында азда болса жүріп жатыр.

1995 ж. дейін арнаулы жинаған өнімдердің қоры бар елдер (Конвенцияға қол қойғанға дейін) сауда жүргізуге болады осы қордағы өнімдермен, СИТЕС ішкі саудаға ешқандай шектеу қоймайды.

Ареалдағы елдер өз еріктерімен халықаралық саудаға моратория жариялағанмен және соңғы жылдары оны арнаулы жүргізбейді. Ерікті дәрежедегі моратория міндетті түрдегіден ауыстырылады.

Егер ақбөкен I-ші Қосымшаның критерияларын қанағаттандыра алмаса, онда CoP-тың қарауына оны керісінше II-ші Қосымшаға көшіру туралы ұсыныс беруі қажет жоғарыда сипатталған процеске сәйкес. Тек осылай ғана жабайы табиғаттағы ақбөкенмен ашық халықаралық сауда қалпына келтіруге болады және оның өнімдерімен коммерциялық пайда алу мақсатымен.

Тағы қандай күрделі қиындықтар тууы мүмкін ақбөкенді I-ші Қосымшаға ауыстыру кезінде?

Тұтынушылар – елдерінде ақбөкен өнімдеріне сұраныс дәрежесі мынадай, оны жасанды өсірумен қазірде ғана емес, келешекте де жақын ара-

Арнаулы тақырып (кеңейтім)

да қанағаттандыру мүмкін емес. Өйткені бізде тұтанушылар туралы, олардың себептері жөнінде жеткілікті мәліметтер жеткіліксіз, бізге белгісіз, сұраныс өсе ме (алыпсатарлықпен байланысты немесе товардың азайып кетуі) немесе төмендейді (жойылып кету қаупі бар түрдің статусын терең түсінуден байланысты) ақбөкенді І-ші Қосымшаға енгізу нәтижесінде.

Қазіргі кезде қолда ақбөкен өсіретін тек бір ғана салыстырмалы ірі питомник жұмыс істейді – Аскания-Нова Украинада, онда шамамен 600 ақбөкен ұсталады (<http://saiga-conservation.org/wp-content/uploads/2017/09/CBW-meeting-report.pdf>). Басқа питомниктердің мүмкіндіктері жоқ немесе ақбөкен өнімдерін сату міндеттерін қояды. Қытай ақбөкенді оның тарихи ареалында реинтродукция жасауды жоспарлап отыр. Бұл процесс ұзақ уақытты керек етеді, және одан сенім аздау, Қытайда популяция саны үлкен көлемге жетеді, бұл жақын арадағы он жыл ішкі сұранысты қанағаттандыратын болуы мүмкін (немесе жалпы белгісіз уақыттарда).

Сонымен, орташа – немесе ұзақ мерзімді келешекте, ашық қор таусыла бастаған кезде және ақбөкен өсіретін питомниктер жоқ кезде, тұтынушылар елдерінде қолжетімде ашық ақбөкен өнімдерінің көлемі ақырында нольге дейін төмендейді. Яғни, бұл шешім практикалық жағынан ақбөкен өнімдерін тұтыну толығымен тоқталады келесі 10 жылда (Қытай мен Сингапурде әлсіреу темпіне және қордың көлеміне байланысты, ол туралы толық мәліметтер жоқ).

І-ші Қосымшаға енгізудің мүмкіндік артықшылығы

Бұл ақбөкенге дүние жүзілік деңгейде үлкен көңіл аударуға мүмкіндік береді және бұл түрді қорғауға көбірек қаржылармен қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

Бұл ареал елдерінде ақбөкенге үлкен көңіл бөлуге соқтыруы мүмкін (сөйтсе онда ол онсызда фокусный түр болып саналады) және мүмкін, құқықтық базасын күшейтуге көмектесер ішкі ареалда, сондай-ақ бұл елдердің шекараларында.

Бұл тұтынушы – елдерге мониторингті күшейтуге және қорды бақылауды қатаңдату ойластыруға мүмкіндік береді, оның нәтижесінде ақбөкен өнім-

дерінің жасырын түрлерін анықтауға жол ашады және заңдарды сақтауды қамтамасыз етеді. Тұтынушы – елдерге қатаң жазаларды қолдануға болады және заңдарды жақсы сақтауды қамтамасыз етеді және заң бұзушыларды анықтайды, І-ші Қосымшаға енген түрлермен жасырын саудамен айналысып жүрген.

Бұл тұтынушы – елдерді сұранысты азайту шараларын қабылдауға мәжбүр етуі мүмкін мысалы, ішкі рынокта ақбөкен өнімдерін сатуды тоқтату жолымен.

Бұл елдер үкіметтерін және (әдетте, жасырын) рыноктар ұйымдастырумен күресуге әкеп соғуы мүмкін, сондай-ақ «қанды құнды бағалармен» сауда, Қытайлық интернет – сайтта сатылатын (қара Дж. Лам – Saiga News, № 23), және ақбөкен мүйіздерімен, оларды сондай-ақ әдетте ақбөкен өнімдерін пайдаланбайтын елдер рыноктарында кездестіруге болады (мысалы, Вьетнам, Лаос).

Сонымен бірге тірі жануарлармен сауда жасаудың дамуы да проблема болуы мүмкін тіпті олар қолда өсірген болса да және олармен сауда қазіргі кезде ашық (немесе, минимум анықталмаған) статус. Еуропада жақында тірі жануарлармен сауда жасау тіркелуі (мүмкін, Украинадан әкелінген). Ақбөкеннің І-ші Қосымшада болуы СИТЕС жақтаушылары болып саналатын (мысалы, Евросоюз елдері және басқа бірқатар мемлекеттер) импорт түрлермен өте сақ болғаны дұрыс шеттен әкелуге рұқсат беруде, басқа жағдайларда тіпті рұқсат беруден бас тартуда қажет.

Мүмкін проблемалар, І-ші Қосымшаға енгізуге байланысты

Қазіргі кезде ақбөкен үшін негізгі қауіптер-фраструктура (заборлар, темір жолдар, трубопроводтар), аурулар және браконьерлер (қара КМВ МоВ – шолу есебі ақбөкен жөнінде). Браконьерлік, әдетте, мүйіздерді дайындау және оларды шетелдерге сату үшін емес (сөйте, конфискиленген мүйіздер мен олардың трафигі шекары арқылы жалғасу орын алуда), ал ішкі тұтынушыларға еттері үшін. Ақбөкенді І-ші Қосымшаға көшіру бұл проблемаларын бәрін шешуге көмегі аз болады.

Ақбөкенге басты түр есебінде ареал елдері ұлттық деңгейлерде ерекше көңіл бөледі және халықаралық деңгейде бүкіл дүние жүзінде, өзара түсінісу

Арнаулы тақырып (кеңейтім)

Меморандумымен жақсы қамтылған, КМВ мен СИТЕС бірлесіп дайындаған және бірге координация жасайды, және барлық ареал елдері қол қойған, және бірқатар НПО. Бұл өзара түсінісу Меморандумында Ортамерзімді басты халықаралық жұмыс программасы бар (Medium Term International Work Programme – MTIWP), 2020 ж. дейін дайындалған жұмыс істейтін программа, программаның мерзімі біткеннен кейін, ол жалғастырылады. MTIWP механизм ретінде жаман жұмыс істемейді, ареалдағы елдерді табиғат қорғау қызметтерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді және оларды үкіметтердің және халықаралық қаржы ұйымдарының табиғат салаларына қаржы бөлуге көңіл аударады. Қазіргі кезде І-ші Қосымшаға көшіру MTIWP үшін басты мәселе емес.

КМВ өзара түсінісу Меморандумының ұзақ мерзімді мақсатының бірі – экологиялық тұрақты пайдалану болып табылады. Түрдің ІІ-ші Қосымшада болуы және ареал елдерінің еріктерімен экспортқа маротория жариялау, бір жағынан, бұл фактіні мойындағаны болып табылады, ал екінші жағынан, қол қойған елдер арасындағы байланыс бар екенін айтады: қазірде бұл ресурсты пайдалануға болмайды, оның қалпына келуін күту қажет. Бұл өзара түсінісудің беріктігін тексеру керек және барлық қызыққан жақтардың арасындағы байланыстарда тексеруді керек етеді (ареал елдері, ақбөкен проблемасымен айналысатын ұйымдар: НПО, СИТЕС, КМВ, МСОП және Қытай – бас тұтынушы ретінде), мүмкін, анық халықаралық сауда ақбөкенге негізгі қауіпті болып саналады (оның



Жас аталық демалыста. Сурет Евгений Полонскийдікі

Арнаулы тақырып (кеңейтім)

ішінде моңғол ақбөкені де бар, әсіресе, ол ерекше қорғауды керек етеді).

Түрді І-ші Қосымшаға көшірумен аз уақытқа қызығушылық пайда болуы мүмкін, бірақ одан кейін қызығушылық, бақылаудың сапасында, үкіметтер жағынан қаржыландыру қайтадан төмендеуі мүмкін, өйткені ол келешекте экологиялық тұрақты пайдалану проблемасына әкеп соқтырады. Ақбөкен ареалының бірқатар елдерінде аңшылық түрлерге айрықша көңіл бөледі, қаржыландырады және табиғат қорғау органдарынан қорғалады екен; ақбөкенді І-ші Қосымшаға енгізу оған жасалған рискіде болуы мүмкін. Сондай-ақ Қытай бір жаққа шығуы қажет, егерде бұл түрді экологиялық тұрақты пайдалану мүмкіндегін көрмесе.

Алға жылжу

Егерде І-ші Қосымшаға тек *Saiga tatarica* емесе, бірақ не *Saiga borealis* емес (ұсынысқа сәйкес) сонда *Saiga spp* халықаралық сауда тиімді тоқталады өйткені қазіргі кезде моңғол ақбөкені және оның өнімдері халықаралық сауда да қатыспайды. Соған қарамастан, моңғол ақбөкенін І-ші Қосымшаға көшіру туралы Моңғолиядан түсті және популяция бүгінгі кезеңіде ерекше қамқорлықты керек етеді. Әртүрлі пікірлер болды, ең дұрысы *Saiga borealis* І-ші Қосымшаға енгізіп, қауіп онша күдік тудырмайтын *Saiga tatarica*-ны ІІ-ші Қосымшада қалғаны орынды деп санайды.

Мұнда, бірақ, табиғат қорғау органдарына едәуір қиындық тудырады, әсіресе, егерде біз ақбөкен сияқты түрлермен байланысты болса, өйткені маман еместерге өте қиын болады, егерде екі түртармағының (подвиды) қайсысына жататындығын анықтап алынған өнімдердің (егерде бұл таза күйіндегі мүйіздер болса да, тіпті дәрігерлік препараттарға өңделген мүйіздерді айтпасақ болады), ал Моңғолия арқылы, бізге белгілі, транзит түрінде жасырын мүйіздер өтеді, ареалдағы басқа елдерден әкелінген. Сонымен, І-ші Қосымшаға бір ғана моңғол ақбөкенін енгізу мұнда көтеріліп отырған мәселелерді шешпейді. Моңғол ақбөкенімен бірге міндетті түрде *Saiga tatarica* көшіру керек, өйткені бір түртармағын екінші түртармағынан айыру өте қиынға соғады («бірдей көрінеді» деген ескертпемен). Деседе, ақылды пікір ретінде қандайда бір

ұсыныс қабылдау қажет – ақбөкенге *Saiga spp.* жалпы.

Менің ойымша, ақбөкенді ІІ-ші Қосымшадан І-ші Қосымшаға көшіру, барлық «за» мен «против»-ті есепке ала отырып, бұл түрді қорғау мәселелерін жақсарта қоюы қиын. Және міне бұған себептер:

а) ақбөкен өнімдерімен халықаралық сауда жасау бүгінде ақбөкен популяциясына негізгі қауіп болып саналмайды, аурулармен, инфраструктуралармен салыстырғанда немесе (Моңғолияда) жайылымдардың деградацияға ұшырауы және ауа райының өзгеруінің әсері;

б) сенбеймін, түрді І-ші Қосымшаға көшіру қаржыландыруды едәуір өсіреді және құқықтық күшейтуді дегенге инвестицияны есепке алғанда, бүгінде ақбөкенді сақтауға Үкіметтер мен НПО құйған қаржыларды есептегенде және;

в) тәуекелге бел байлау бар, көшіру есепке алынбаған оқиғаларға тап болуы ғажап емес, мысалы, бұл түрге Үкіметтердің көңіл аударуының азаюы, оны тұрақты пайдалану мақсатына жету үшін жұмыс істеп жатқандар.

Әрине, бұл айтылғандардың біреуіне сеніммен қабылдау қиын, және соңғы ақтық шешім қабылдау қиын іс.

Альтернативты байымдау – келесі ұсыныс:

І-ші Қосымшаға көшіру туралы ұсынысқа түзету енгізу қажет, *Saiga spp*, ақбөкенімен саудаға нольдік квотаны кіргізу туралы, оны ұсыныс ретінде өзгерту қажет, бұл жағдайда оны ІІ-ші Қосымшада қалдыру керек. Бұл ареалдағы елдерге әсер етпейді, өйткені олар өз еріктерімен ақбөкен өнімдерімен сауда жасауға маротория жариялаған. Енді маротория міндетті түрде болады.

І-ші Қосымшадағы сияқты бұл тірі ақбөкендерді экспортқа шығаруға мүмкіндік бермейді, жабайы табиғаттан алынған, коммерциялық мақсатпен пайда табу үшін, бірақ коммерциялық мақсатпен әкету (мысалы, қолда өсіру одан әрі интродукция жасау немесе экспорт, тіркеуде тұрған питомникте өсірілген жануарға бұрынғыша рұқсат етіледі).

Сондай-ақ жануарды шығаруға рұқсат етіледі, егерде ол жасанды түрде өсірілген болса, арнаулы тіркелген питомниктерде өсірілген болса. Бұл

Арнаулы тақырып (кеңейтім)

саудаға тиым салуға әкеледі (ұсақ масштабтар түрінде) ақбөкен өнімдерімен тұтынушы – елдер арасында, бұл табиғат қорғау органдарының жұмысын жеңілдетеді, ақбөкеннің статусы туралы тұтынушыларды хабардар етеді жойылып кету қаупі бар түр есебінде, бар өнімдердің қорын қатаң бақылауды талап етеді. Бұл квотаны өзгертуге мүмкіндік береді, егерде түр қайтадан статус алса, онда оны экологиялық тұрақты пайдалануға мүмкін болады.

Қорытынды ойлар

СИТЕС Жақтаушылары енді міндетті Ортамерзімді халықаралық жұмыс программасын орындауға (MTIWP) тиіс 2015-2020 жж. арналған. Ақбөкен жөніндегі өзара түсінісу проблемасын шешуге кіреді. 2020-2025 жж. арналған. Ақбөкен жөніндегі өзара түсінісу Меморандумы, оның міндеттеріне ақбөкен өнімдерінің жасырын саудасының проблемасын шешу кіреді. 2020-2025 жж. арналған жаңа программа MTIWP өзіне бірінші кезекте жасырын саудамен күресу шараларын қолға алу керек және қорларды бақылауды есте ұстау қажет, басқа тұтынушы – елдерді де тартуды ойлануы да керек сияқты, Қытайда басқа (мысалы, Сингапур және Жапония) ақбөкенді қорғауға ақбөкен жөніндегі өзара түсінісу Меморандумын қолдау арқылы. СИТЕС-тің тұтанушылар – елдеріне үндеуі күшіне енді (шешімі), қорлары бар, бұл қорларды тіркеуден өткізуді сұрады және бақылауды күшейтуді сұрады; бұл талапты қайталау артық болмайды және оны ерекше айту керек, шешімдер проектілерінің формулировкаларын күшейту арқылы, 2018 ж. қазан айында Тұрақты комитетте кездесу кезінде ұсынған.

Сонымен бірге ақбөкенмен сауда жүргізудің барлық тармақтары жұмыстарында анық түсінісу қажет болады, браконьерліктің көлемін анықтаудан бастап және тұтыну көлемінде анықтау қажет етеді онлайн саудасының ролін орнатқанша және жаңа рыноктар мен продукция өнімдерін анықтағанша. Бұл бағытта бірқатар зерттеулер жүзеге асты, және тағы да едәуір зерттеулер қазіргі кезде жүріп жатыр, бірақ терең түсіну бізге мынаны бағалауға мүмкіндік береді, мысалы, бар қор қашанға жетеді және браконьерлер өлтірген жануарлардың қандай бөлігі тұтынушылар – елдеріне

жеткізілуі мүмкін, ал қандай бөлігі шекараларда ұсталады. Бұларда сондай-ақ ареалдағы елдердің құқық қорғау органдарына түрлі әрекеттер жасауға көмектеседі.

Маңызды сол, ақбөкенді қорғау шешімдерін мүдделі елдер қабылдауы керек, мүмкін болғанша, бірауыздан (әсіресе бұл ареал елдеріне қатысты), келісілген процедуралар көмегімен. 2019 ж. сәуірінде ақбөкен жөнінде КМВ-ның өзара түсінісу Меморандумының жақтаушыларының техникалық кездесулері жоспарланған, кең көлемді, бұл Меморандумның жақтаушыларының кездесуі 2020 ж. өтеді, бұл ақбөкен жөніндегі жоспарлар мен жұмыс программаларын талқылауды жалғастыруға және кейбір өзгерістер енгізуге көмектеседі, қазіргі қауіпті ескере отырып, бұл түрдің олармен кездесуі мүмкін ғой. СИТЕС бұл өзара түсінісу Меморандумын мойындағанның бірі болып табылады, Секретариат СИТЕС бұл жөнінде кезкелген рекомендацияны қабылдай алады одан кейін оларды Жақтаушыларға жібереді.

Жаңалықтар

Ақбөкен – СИТЕС даласында

Межнев А.П. Минприроды Ресей amezhnev@mail.ru

Ұйымдастырылғанына 70 жыл болған СИТЕС – Жойылып кету қаупінде тұрған фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда жасау Конвенциясы, тұңғыш рет бұл организацияның Тұрақты комитетінің сессиясы Ресейде өтті, Сочи маңындағы әлемге таныс «Роза-Хутор» курортында. 2018 ж. қазан айының 1-інен 5-іне дейін дүние жүзінің 150 елінің өкілдері және әртүрлі ұйымдардан семинарлар, конференция төңірегінде, дөңгелек столдарда заңсыз айналымға түскен сирек жануарлар мен өсімдіктермен күресу тәжірибелерімен алмасуға мүмкіндік туды олардың популяциясының тұрақты дамуы үшін қандай шараларды жүзеге асыру керектігі де әңгіме болды. Шынында да, бұл форумда ақбөкенге де айрықша көңіл бөлінді.

4 қазанда Ресей Федерациясының табиғат ресурстары, экология министрлігі және оның жанында ұйымдастырылған Росзаповедорталығымен СИТЕС тұрақты комитетінің 70-шы заседания төңірегінде «дөңгелек стол» ұйымдастырып, «Ақбөкен және Арғали Ресейде: қорғау және популяцияны қалпына келтіру» тақырыбында семинар өткізді. Ресейдің Минприродасы қызметкері болған, Ресей Федерациясынан СИТЕС тұрақты комитетінің мүшесі болғандықтан, өзара түсінісу Меморандумының орындау координаторы болғандықтан – ақбөкенді сақтау, қалпына келтіру және тұрақты пайдалану (КМВ МоВ) жөнінде Ресейден мен дөңгелек столдың модераторы ретінде сөйледім. Мәжіліс кезінде, оның жұмысына әртүрлі елдерден 73 эксперттер қатысты, мемлекеттік үкіметтердің ұйымдарынан, ерекше қорғалатын табиғи территориялардан, коммерциялық емес табиғат қорғау ұйымдарынан, ғылыми қауымдастық ұйымдарынан, СМИ, СИТЕС объектілерін сақтау жөнінде әртүрлі шаралар қаралды, жалпы, ақбөкен жөнінде де, айтылды. Мәжіліс «Ресейде ақбөкен популяциясын қалпына келтірудің халықаралық аспектісі» тақырыбындағы баяндамамен ашылды, онда ерекше көңіл елдің екіжақты және халықаралық келісімдерінің орындалу барысына бөлінді, сонымен бірге ақбөкен популяциясы процестеріне көңіл бөлінді, оның ішінде трансшекаралық түрді сақтау шараларына тоқталды, сондай-ақ оқиғаның жағымды етуге кедергі кел-

тіретін проблемаларда сөз болды, және оларды болдырмаудың жолдары көрсетілді. Баяндамада көрсетілді, ақбөкен популяциясын сақтау мен қалпына келтіру үшін ерекше рольды экосистемалық әдісті (подход) қолдану атқарады.

Солтүстік-Батыс Прикаспийде ақбөкен популяциясы сақталуы жөніндегі «Черные земли» қорығының ролі туралы хабарламада бұл ООПТ-ның директоры Б.И.Убушаев ақбөкенді сақтау жайында қорық қызметкерлерінің атқарып жатқан шараларымен қатар, ерекше көңілді мынадай талассыз шараларға көңіл бөлді, мысалы, реинтродукция және қалпына келтіру ірі шөптесін қоректі құлан сияқты жануарларды. Сонымен бірге қорыққа үлкен көлемдегі территориялар бөлуде ойда бар жылқылар мен түйелердің жайылу үшін, бұл, баяндамада автордың пікірінше, шөл-шөлейтті экосистеманың тұрақтылығын өсіреді және регионда туристерді тартуды күшейтеді.

Ресей фаунасында жойылып кету қаупі бар тұяқты аңдардың түрлерін сақтаудағы СИТЕС ролі туралы өзінің шолу баяндамасында В.М. Неронов айтты – РАН проблем экологии и эволюций институты А.Н. Северцов атындағы бас ғылыми қызметкері, ЮНЕСКО-ның «Адам және биосфера» программасы бойынша Ресей комитетінің председателінің орынбасары, атап айтты Конференция жақтаушыларының Х/20 шешіміне сәйкес биологиялық әртүрлілік туралы (Индия, 2012 ж.) өте маңызды Конвенция төңірегінде байланыстарды күшейту керек, биологиялық әртүрлілікке байланысты, оның ғылыми органдарымен және ұлттық координациялық орталықтармен СИТЕС-ді қоса, КМВ



Валерий Нероновтың дөңгелек столда сөз сөйлеуі.
Сурет Анна Ячменникованікі

Жаңалықтар (кеңейтім)

және су-батпақ қоныстар туралы Рамсар Конвенциясын, халықаралық маңызы бар, ол үшін арнаулы форумда ұйымдастыруға болар еді.

Талқылаудың қорытындысы бойынша дөңгелек столға қатысушылар бір ауыздан рекомендацияны қабылдады олардың бірқатары (атап айтқанда, ақбөкен үлгілеріне анализ жасаудың экспресс – әдістерін дайындау, келтірілген зияның орынын толтыру тәсілдерін дайындау, ақбөкендердің ауыл шаруашылық культурасына келтірген, тұрақты жайылымдар оборот системасын дамындау және өндіріске енгізу бірінші рет СИТЕС мәжілісінде талқыланды. Бұл шешімдер СИТЕС секретариатына жіберілді оларды одан әрі жүзеге асыру үшін Рекомендацияның толық текстімен таныса аласыздар: www.vniiecolology.ru [дұрыстығы тексерілуде].

СИТЕС секретариаты ареал елдері мен тұтынушы елдерге толық анкета жіберді. Алынған жауаптар негізінде, тұтынушы – елдерден алынған (Вьетнам, Гонконг; Индонезия, Қытай, Малайзия; Сингапур, Жапония) және ареал елдерінен Ресей, Өзбекстан), Документ дайындалған, 58, <https://cites.org/sites/default/files/eng/com/sc/70/E-SC70-58.pdf>, онда сондай-ақ ақбөкеннің дериваттарымен халықаралық сауда жасау шолуды да көрсетілген, UNEP-WCMC дайындаған.

Сонымен бірге мынаны айту керек, Секретариаттың аталған Документінде 58 берген мәліметтерге анализ жасау негізінде, СИТЕС пен КМВ байланыста жұмыстар атқаруының тиімді және келешегі зор екенін көрсетті. Ареал елдері мен тұтынушы – елдерді толық түрде Орта мерзімді халықаралық жұмыс программасы рекомендациясын орындауға шақырады (MTIWP) ақбөкенге арналған 2016-2020 жж., ол ақбөкенді сақтау жайындағы МоВ-тың маңызды бөлігі болып табылады, сондай-ақ СИТЕС-дің әрекеттері мен принциптерін келесі MTIWP-да 2021-2025 жж. арналған ескеру керектігі де сөз болды. Бұл айтылғандар СИТЕС-дің Тұрақты комитетінің 70-шы мәжілісінде мақұлданды СИТЕС Жақтаушыларының 18-ші конференция шешімінің проектісінде, ол 2019 ж. мамыр-маусым айларында Шри-Ланкеде өтеді (Документ 58-ге қосымша).

Ерекше атап айту керек, Ресей Федерациясының ақбөкен мүйіздері қорының мониторингін өткізу

қажеттігі туралы ұсынысын қолдау керек, тұтынушы – елдердегі жинақталған. СИТЕС алаңында Ресей мынадай ұсыныспен бірінші рет емес сөз айтады, өткен он жылда ареал елдерінде барлық жерде ақбөкендерді аулауға тиым салғанына сілтеме жасай отырып, бұрын хабарлағандай «пред-конвенционные» ақбөкеннің мүйіздерінің қоры олардың емдік қасиеттері тұтынушы – елдерде бітуі бұрынғы жылдары таусылуға тиіс болатын, тіпті соңғысы қандайда бір жаңа технология дайындалғаны туралы сілтеме жасайды, ақбөкен мүйіздерін өңделуге пайдаланатын. Ресей Федерациясының пікірін бұл мәселеде бірқатар елдер мен ұйымдардың делегациялары қолдады.

Saiga News-23 Дж. Ламанның (2018), мақаласы жарияланды, онда Қытайдың рыногында медициналық және сувенирлік продукцияларда «жас» ақбөкен мүйіздерінің бар екендігі анықталды (яғни жасырын жолмен алынған). Мұнда КНР өкілі мүйіздер қорына мониторинг жасауға қарсы сөз сөйледі мынаны айта келіп, СИТЕС қосымшасына енетін кезкелген үлгілер қоры бұл Конвенция Жақтаушыларының ішкі істері болып табылады. Оған қарамастан, Тұрақты комитет СИТЕС секретариатына ұсыныспен шықты тағы бір проект шешімін дайындау туралы, ол тұтынушы – елдердегі ақбөкен мүйіздерінің қорына қатысты, оны алда болатын Жақтаушылардың 18-шы конференциясында талқылау үшін.

Екі шарада бір күнде өтті, олардың мәжілісінде басты эксперттер қатысты, бұл алда болатын Жақтаушылардың 18-ші конференциясында СИТЕС ақбөкен ареалы – елдерінде бұл хайуанатты қорғау үшін қажетті шараларды қаралатын болады және бұл бағалы түрді тұтынушы – елдер тарапынан қолайлы біріккен әрекеттер жасау мүмкіндігі табылады деп санайды.



Аптекада сатуға қойылған ақбөкеннің жас мүйізі қ. Шеньджен, Оңтүстік-Шығыс Қытай. Сурет Елена Быкованікі

Жаңалықтар (кеңейтім)

2018 ж. Қазақстанда ақбөкендерге авиасанақ жүргізудің нәтижелері

Цутер Ш. Биоәртүрлілікті сақтаудың Қазақстандық ассоциациясы steffen.zuther@acbk.kz

2018 ж. 14-ші сәуірден 30-шы сәуірге дейін «Қазақстан Республикасында ақбөкендердің бетпақдала, Орал және Үстірт популяцияларына санақ және мониторинг жүргізу» мемлекеттік тапсырма төңірегінде жыл сайынғы ақбөкендерге авиасанақ барлық үш популяцияларда; Қазақстан территориясында мекендейтін, жүргізілді. Қазақстанда ақбөкендер санын анықтау нәтижесінде 2018 ж. көктемінде оның саны 215100 бас болды, оның 135000 Орал популяциясына, 3700 – Үстірт популяциясына және 76400 бетпақдала популяциясына тиісті болды. Бұл нәтижелер, былтырғы жылмен салыстырғанда, барлық үш популяцияларда да олардың саны едәуір өскендігі байқалады. Мәселен, орал популяциясы 37,5%-ке, үстірттікі – 37% және бетпақдала популяциясы – тіпті 47,8%-ке өскен.

Авиасанақ АН-2 самолетімен 200 ұшу сағаты да өтті. Жұмысты РОО «Биоәртүрлілікті сақтаудың Қазақстандық ассоциациясы» (АСБК) РГКП «ПО «Охотзоопром» – бірлесіп, МСХ РК-нің орман ша-

руашылығы мен жануарлар дүниесі комитетінің тапсырмасы бойынша орындалды. Сонымен бірге жұмысқа орман шаруашылығы мен жануарлар дүниесінің территориялық инспекциялар өкілдері және ерекше қорғалатын табиғи территориялар өкілдері де қатысты, ақбөкендер мекендейтін аудандардан (Мемлекеттік табиғи резерват «Алтын Дала», Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерват, Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорық), қатысты.



Санақшылар командасы. Сурет А. Салемгареевтікі


Үстірт ақбөкенін сақтауда жаңа тәсіл

Есказыулы Р. биоәртүрлілікті сақтаудың Қазақстандық ассоциациясы renat.eskazyuly@acbk.kz

Үлкен күш жұмсауға қарамастан оларды бүгінде Қазақстан Үкіметі мен табиғат қорғау ұйымдары қабылдайды оның ішінде халықаралық ақбөкенді сақтау ұйымдары да бар, заңсыз аулау Қазақстанда барлық үш популяцияларында айрықша қауіп төндіруде. Жылсайын браконьерлер қолының үлкен көлемде бұл жануарлар қырылады. Басты себептердің бірі – браконьерлік әрекеттер ақбөкен мүйіздеріне сұраныстың жоғары екендігін көрсетеді және оларды дәстүрлі қытай медицинасында пайдаланады ғой.

2017 жылдың сәуір айында «Алтын Дала»-ның табиғат қорғау ұсынысы төңірегінде Фауна және Флора Интернэшыл-дің (Fauna & Flora International) қаржылай көмек көрсетуімен Биоәртүрлілікті сақтаудың Қазақстандық ассоциациясының қатысуымен экспедицияда жұмыс істейтін қызмет-

керлерден группа ұйымдастырылды, РГКП «ПО «Охотзоопром» инспекторларына көмектесу үшін ақбөкеннің Үстірт популяциясын қорғауға қатысады. Жұмыс істейтін аудан ақбөкендердің жақсы мекендейтін қоныстары: Үстірт қыратының



Үстіртте төлдейтін мекендерді зерталу кезінде жаңа туған ақбөкен лағын өлшеу. Сурет АСБК

Жаңалықтар (кеңейтім)



Үстірт группасы қызметкерлері мен мемлекеттік инспекторлардың территорияны бірлесіп патрулдауы. Сурет АСБК

солтүстік жоталары (чинки), Шошқакөл сорының участкісі, чинки Жельтау, Доңызтау. Территориялар Ақтөбе облысының Байганин, Шалқар, Жылной Жімшілік аудандарын және Атырау облысын территориясын алып жатыр. Жалпы жер көлемі – 99 395 кв. км.

Группа ұйымдастырудың негізгі мақсаты үнемі жүйелі түрде Үстірт популяциясына мониторинг жүргізу болып табылады; сондай-ақ мемлекеттік бақылау және жануарлар дүниесін қорғау, өнімдерін көбейту және пайдалану шараларын жүзеге асырушы мемлекеттік инспекторларға көмектесу, биологиялық әртүрлілікті сақтау жөніндегі үгіт – насихат жұмыстарын күшейту олармен жергілікті халықты түсіндіру жұмыстарын жолға қою керек. Жұмысты сапалы орындау үшін группа керекті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Биылғы жылы ауадан мониторинг жүргізу үшін беспилотный ұшу аппаратын самолет типтес сатып алған. Үнемі дала антилопасының жағдайларына бақылау жүргізіледі, оның ішінде лақтары да бар. Мәсе-



Ақбөкен мүйіздерін идентификация (ұқсастыру) процедурасына қатысу. Сурет АСБК



Беспилотникті; басқару және ұшыру кезіндегі тренингке қатысушылар. Сурет АСБК

лен, 2018 жылдың көктемінде группа бірінші рет ұзақ уақыт ішінде ақбөкеннің үстірт популяциясының төлдейтін жерін тапқан.

Мобильдік группа ай сайын, ең кем дегенде 10 күн ішінде, ақбөкендер мекендерін шолып өтеді. Биылғы жылдың 11 айында группа 20 000 шақырымнан артық жол жүрді бұл жұмыстың нәтижесінде 10-нан артық браконьерлік фактілері анықталды, оның 8-інен ақбөкеннің сойылған тушалары алынды.

Екі жылдық зерттеулер көрсеткендей; заңсыз сату мақсатымен браконьерлік жолмен ақбөкенді аулау Ақтөбе, Атырау, Қызылорда облыстарының жергілікті халықтар арасында едәуір кең тараған және сутегін жұмыс болып табылады.

Үстірт регионьында төменгі кіріспен жұмыссыздық ақбөкенге аңшылық жасауды едәуір табысты деп санайды және өзіне тарта беретін әрекет деп есептейді. Көптеген сатушылар оны аулауға тиым салынғанын біледі және браконьерліктің неге соғатынын жеткілікті біледі; еркінен айыруға дейін жаза қолданылады, бірақ қосымша ғана емес, негізгі жалақы алуға адамдарды жасырын аулауға талқайды.

Мониторинг жүргізумен бірге, группа регион мектептерінде үгіт-насихат жұмыстарын табысты жүргізеді. Биылғы жылы группаға қатысушылар 100-ден артық ауылдық қауымдастық өкілдерімен кездесу өткізген; сондай кездесулер фермерлік және шаруалар ұйымдарыменде өткізілді, сондай-ақ Ақтөбе облысының мектептерінде оқушыларымен (шамамен 30 кездесу). Шараларға 800-ден аса оқушылар және регионның білім беру мекемелерінің өкілдері қатысты.

Жаңалықтар (кеңейтім)

Моңғолияда ақбөкенді жасырын аулау

Чимеддорж Б., Батсайхан Б. WWF-тің моңғол программасы chimeddorj@wwf.mn

Енхтувшин Ш., Бувейбатар Б. WCS-тің моңғол программасы eshiilegdamba@wcs.org


2002 ж. ақбөкен МСОП-тың Қызыл тізіміне енгізілген, жойылып кету қаупі бар түрдің статусында, өйткені 1998 жыл мен 2008 ж. аралығында ақбөкеннің дүние жүзілік популяциясының 80% қысқарған. Ақбөкеннің екі рет жаппай өлім-жітімге ұшырағаны белгілі – 2015 ж. және 2017 ж. тіркелген, мұнда Қазақстанда популяцияның 200 000-ға қысқарған, ал моңғол популяциясында 8 000 санақта болмады (елдегі жалпы санының 50%-нен артығы). Осы оқиғалар нәтижесінде барлығы екі тұртармақтары өкілдерінің үштен екісі қырғынға ұшыраған бүкіл дүние жүзіндегі бұл түрдің және айтуға қиын, мұндай жағдай қашан қайталанары және популяцияны қалпына келтіру қалай болатыны белгісіз.

Моңғолияда ақбөкен саны, 2002 ж. 800 басқа қысқарған, соңғы онжылда тұрақты өсті жергілікті жердегі шаралар мен WWF Network пен MAVA фондысының қолдауы арқасында. Соған қарамастан, популяцияның қазіргі жағдайы әлі де үрейлену тудырады, еске алу керек, саны азайып барады. Қазіргі кезде ақбөкеннің моңғол тұртармағы өзінің тарихи ареалының тек 27% ғана құрайды. Соңғы бағалау бойынша, 2018 ж. наурызында өткізілген, жануарлар саны 3 000 бастан артық қысқарған, чума ауруының нәтижесінде ұсақ күйіс қайыра-

тын жануарлар арасында шыққан (Peste des Petits Ruminants – PPR) 2016-2017 жж., қыстың суық болуы да әсер етті 2017-2018 жж. (қара Saiga News, № 22).

Зерттеулер көрсетеді, ақбөкен мүйіздеріне рыноттердегі сұраныс, олар жасырын аулаудың басты себептері болып табылады, жоғары деңгейде жалғасын табуда, және «дәстүрлі қытай медицинасының препараттарын қолданатын адамдар жоғары баға төлеуге дайын жабайы табиғаттан ауланған жануарлардан алынған өнімдерге төлеуге, өйткені, олардың пікірінше, олардың емдік күші үлкен» (Тренд және басқалар, 2018). Оларға сұраныс онан сайын өседі деп шамалайды, өйткені Қазақстан, ақбөкен мүйіздерінің негізгі экспорттері, ақбөкендерді пайдалануды шектеді, олардың бөлімдері және дериваттары тек ғылыми мақсаттар үшін 2020 ж. дейін ғана пайдаланады.

Моңғолияның полициясы мен табиғат қорғау инспекциясы мәліметтері бойынша, 2005 жылдан 2017 жылдар кезеңінде барлығы браконьерліктің 27 фактісі тіркелген және 231 ақбөкен өлтірілген (Сурет 1). 56 % оқиғасында, 123 ақбөкен өлтірілген, браконьерлер ұсталған жоқ. Жануарлардың көп



Сурет 1. Моңғолияда 2005 жылдан 2017 жыл аралығындағы жасырын аңшылық жасаудың сан мөлшері және ол уақытта өлтірілген ақбөкендер саны

Жаңалықтар (кеңейтім)

бөлігі 2013 ж. қырылған, ал 2010 ж. бірде бір оқиға тіркелмеген (Сурет 1). Сондай-ақ ақбөкендерге бір уақытта жасырын аңшылық жасау кезінде көп өлтірілген (дағи немесе конфискиленген мүйіздер) 2017 ж. тіркелген PPR вспышка кезінде. Чума вирусының шығу себебін тексеру кезінде белгілі болды, өлген ақбөкен текелерінің мүйіздері кесіліп алынған. Шынын айтсақ, FAO (ООН-нан азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы) консультатына және WCS, WWF қызметкерлеріне және басқа ұйымдарға, зерттеуге қатысқандарға өлген жануарлар туралы толық мәліметтер жинауға мүмкіндік болмады, өйткені эксперттер командасы келгенше жергілікті үкімет трупптардың көп бөлігін қырып жіберді. Соңғы жылдары ақбөкендерді жасырын аулау және олардың мүйіздерімен сауда тым ұйымдасқан схема түрінде өтеді, және олармен

